

**КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ**

**АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ**

**ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. КЕАҚ «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» академиялық кеңесі (бұдан әрі – Университет) өз қызметінде Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 31.10.2018 жылғы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 12.10.2018 ж. № 563 бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 562 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі туралы Ережемен, «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысымен, университеттің даму стратегиясымен, университет ректорының бұйрықтарымен, өкімдерімен, академиялық мәселелер жөніндегі проректордың шешімдерімен және өкімдерімен, сапа жөніндегі, сапа менеджменті жүйесінің процедуралары, нұсқаулықтары және басқа да ішкі құжаттары және осы Ережені басшылыққа алады.

1.2. Академиялық кеңес алқалық консультативтік-ұсынымдық басқару органы, университет қызметінің академиялық және оқу мәселелерін талқылау және академиялық әзірлемелерді ұйымдастыру орталығы болып табылады.

1.3. Академиялық кеңес жоғары және кәсіптік білім берудің сапасын басқарудың бағыттары мен жолдарын айқындау мәселелері бойынша шешім қабылдайды, сапа менеджменті қағидаттарын енгізу, оқу процесіне білім беру процесін ұйымдастыру мен басқарудың жаңа технологияларын енгізу мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелерге жәрдем көрсетеді.

1.4. Академиялық кеңестің ұсынымдары қажет болған жағдайда Ғылыми кеңестің немесе университет Басқармасының отырыстарына бекітуге шығарылады.

## 2. Академиялық кеңестің негізгі міндеттері

- 2.1. Оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету саласындағы академиялық комитеттердің қызметін ұйымдастыру.
- 2.2. Оқу, оқу-әдістемелік және академиялық әдебиетті, оқу құралдарын және басқа да оқу-әдістемелік материалдарды басып шығаруға сараптама мен ұсынымдарды жоспарлау, ұйымдастыру.
- 2.3. Университетте әдістемелік жұмыстың ғылыми-зерттеу мазмұнын күшейту бойынша қызметін үйлестіру.
- 2.4. Университетте оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру.
- 2.5. Оқыту сапасын басқару және бақылауды ұйымдастырудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін оқу процесін қарқындату бойынша жаңа технологияларды енгізу ұсынымдарын талқылау және әзірлеу.
- 2.6. Оқу-әдістемелік және академиялық жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру бойынша озық тәжірибені жинақтау және тарату.
- 2.7. Жоғары кәсіптік білім беру сапасын басқару саласындағы қызметтің басым бағыттарын айқындау, олар бойынша университетті әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау үшін жағдай жасауға бағдарланған академиялық зерттеулер жүргізу қажет.
- 2.8. Білім беру сапасын басқару саласында университет институттары/факультеттері мен басқа да бөлімшелерінің академиялық жұмыстарын үйлестіру.
- 2.9 Оқу процесін жақсарту мен қарқындатудың басым бағыттары бойынша академиялық әзірлемелерді талдау және қорыту, сапа менеджменті жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін бағалау.
- 2.10. Университет ПОҚ-ның академиялық әлеуетін жетілдіру бойынша жұмысты үйлестіру.
- 2.11. Университет институттары, факультеті мен кафедраларының, институттар мен факультеттің әдістемелік бюроларының және басқа бөлімшелерінің білім беру сапасын басқару мәселелері бойынша озық тәжірибені жинақтау.
- 2.12. Университет ПОҚ ғылыми-педагогикалық әлеуетін жетілдіру мәселелері бойынша конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізу.
- 2.13. Университетте білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық құжаттардың жобаларын жетілдіру бойынша ұсыныстарды талқылау және енгізу.

### 3. Академиялық кеңес қызметі (функциясы)

Университеттің академиялық кеңесі қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) академиялық комитеттердің қызметін үйлестіру;
- 2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын ескере отырып, университеттің білім беру бағдарламаларының және курстардың оқу бағдарламаларының сараптамасын ұйымдастыру;
- 3) монографиялар жазу, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, оның ішінде электрондық тасығыштарда әзірлеу жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;
- 4) университеттің білім беру қызметінде пайдалану мақсатында білім беру процесінің, білім беру қызметтерінің сапасын және академиялық зерттеулердің нәтижелерін үнемі жақсарту мәселелерін шешумен байланысты мәселелерді қарау;
- 5) білім беру процесін ұйымдастыруды талдау және мамандарды даярлау сапасын арттыру мақсатында оқу-әдістемелік және академиялық жұмысты жетілдіру бойынша ұсынымдар беру;
- 6) қажет болған жағдайда, оқу-әдістемелік құжаттаманы (мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, білім беру бағдарламалары) сараптау нәтижелерін қарау және ұсынылған құжаттардың жобалары бойынша қорытынды беру;
- 7) оқу процесінде жаңа технологияларды, оқытудың интербелсенді әдістерін және студенттердің білім сапасын бақылауды енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 8) академиялық зерттеулердің нәтижелерін талдау және қорыту, кеңестерді, дөңгелек үстелдерді және т. б. ұйымдастыру арқылы барлық құрылымдық бөлімшелерге әдістемелік көмек көрсету.;
- 9) оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және ПОҚ практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстың әртүрлі нысандарын енгізу мәселелерін қарау;
- 10) педагогикалық және ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыру және аттестаттау жүйесін жетілдіру;
- 11) сапа менеджменті жүйесін дамыту және оқу процесіне әдістемелік әзірлемелер нәтижелерін енгізу бойынша ұсынымдар дайындау;
- 12) ғылым және білімнің басым бағыттарын болжау негізінде білім беру бағдарламаларының тізбесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды талқылау;
- 13) оқу-әдістемелік, академиялық жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру бойынша озық тәжірибені жинақтау және тарату;
- 14) оқыту сапасын басқару мен бақылауды ұйымдастырудың тиімділігін қамтамасыз ететін оқу процесін қарқындату жөніндегі жаңа технологияларды енгізу бойынша ұсынымдарды талқылау және әзірлеу;
- 15) кадрларды даярлау жөніндегі стратегиялық жоспарларды іске асыруды қамтамасыз ететін нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеу, талқылау және қабылдауға ұсыным беру болып табылады..

#### **4. Академиялық кеңес құқығы**

Академиялық кеңестің өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

- 1) университет институттарының, факультеттерінің, кафедраларының әдістемелік бюроларының, бөлімдерінің және басқа да құрылымдық бөлімшелерінің білім беру сапасын басқару мәселелері бойынша сұраныстарды, қажетті ақпаратты алуға құқылы;
- 2) оқу-тәрбие процесін академиялық қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі жұмыс комиссиясын, сараптама топтарын құруға құқылы.

#### **5. Академиялық кеңесті сайлау және оның жұмыс істеу тәртібі**

5.1. Академиялық кеңес университет ректорының бұйрығымен құрылады және таратылады.

5.2. Академиялық кеңестің құрамына проректорлар, жеке құрылымдық бөлімшелердің басшылары, институттар (факультеттер) мен кафедралардың басшылары, академиялық комитеттердің төрағалары, бакалавриат, магистратура және PhD докторантура бойынша білім алушыларың қатарынан сарапшылар кіреді. Академиялық кеңестің құрамы ағымдағы оқу жылына ректордың бұйрығымен бекітіледі.

5.3. Академиялық кеңесті төраға ретінде университет проректоры басқарады. Академиялық кеңестің отырыстарын дайындауды және ол қабылдаған шешімдерді құрылымдық бөлімшелердің назарына жеткізуді жауапты хатшы жүзеге асырады. Кеңес құрамына өзгерістер мен толықтырулар университет ректорының бұйрығымен енгізіледі және бекітіледі.

5.4. Кеңес мүшелерінің арасынан ашық дауыс беру арқылы жауапты хатшы сайланады.

5.5. Кеңес жұмысы төраға бекіткен кеңес отырысында қабылданған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

5.6. Академиялық кеңестің отырыстары кемінде екі айда бір рет өткізіледі, хаттамалармен ресімделеді, хаттамаға кеңестің төрағасы не академиялық мәселелер жөніндегі проректоры және жауапты хатшысы қол қояды.

5.7. Академиялық кеңестің шешімдері кеңестің кемінде  $2/3$  мүшелерінің қатысуымен көпшілік дауыспен қабылданады.

5.8. Кеңестің әрбір мүшесі барлық отырыстарға қатысуға, оның жұмысына белсенді араласуға, өзіне жүктелген тапсырмаларды уақтылы және дәл орындауға міндетті. возлагаемые на него поручения.